

## Республикалық бірыңғай «Жас ұлан» балалар және жасөспірімдер ұйымы

Қазіргі уақытта қоғамның дамуына байланысты оқушыларға білім беру, оларды тәрбиелеу және дамыту міндеттері барған сайын күрделеніп бара жатыр. Басты міндеттің бірі: орта мектепті бітірген оқушы өмірге белсене араласа отырып, ғылымның шапшаң дамуына ілесуі, ашылған жаңалықтарды өздігінше оқып меңгеруі, оларды өзі қызмет ететін салаларына қатыстыларын іс жүзіне асыра білуі, өмірде қолдана алуы. Сонымен қатар оқушылар мектеп қабырғасында жүріп-ақ әлемдік құрылым қалыптасуының негізгі ғылыми ұстанымдарын, ойлаудың әдіс-тәсілдерін, Отан деген сүйіспеншілік, патриотизм, танымның заңдылықтарын игеруі тиіс.

Балалар ұйымының жеке тұлғаны жан - жақты етіп, оқушылардың рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастырып, патриоттыққа тәрбиелеуде, оларды дербес өмір сүруге үйретуде маңызы зор. Қай уақытта, қай қоғамда болмасын жастар мәселесі ең өзекті мәселелердің бірі болып қала бермек. Өйткені еліміздің ертеңі жастарымыздың қолында. Болашақ жастардың қолында десек, ертеңгі келешегімізді заманымыздың қазіргі талабына сай ғылым мен техниканы жетік меңгерген жастар басқаратыны айдан анық.

Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Тәуелсіз Қазақстанның жастары, нақ сендер елдің ең басты байлығы болып табылатындарыңды және біздің Отанымыз - Қазақстан Республикасының болашағы сендерге байланысты екенін есте ұстаңдар!»-деген сөзі жастарға сеніммен қоса үлкен міндеттер жүктейді.

Жылдан-жылға жастар саясатына ерекше маңыз берілуі осының айғағы. Анығырақ айтқанда, Елбасының бастамасымен құрылған «Жас Ұлан» ұйымының жұмысын жүзеге асыруға арнайы іс-шаралар жоспары жасалып оқушылар арасында жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

«Жас ұлан» ұйымына желтоқсан айында қабылдау рәсімі өткізіледі. Ұйымға өткен оқушыларымыз мектептің қазіргі мақтанышы болып, мәдениет, спорт, білім-өнер сайыстарында өздерін шыңдап, жетістіктерін көрсетуде. Жасұландықтармен бірге өткізілген іс-шаралар оқушылардың жұмыстарына бағыт-бағдар беру болады. Бірлесіп жұмыс істеу арқылы ғана оқушылармен жұмыстың тиімділігі артатыны белгілі.

Сондықтан да ұлттық құндылықтар мен адамгершілік-ізгілік тәрбиесін бере отырып, жас ұрпақты өз Отаны – Қазақстан Республикасының патриоты болуға, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, білімді сапалы меңгеріп, өнерді бойға сіңіруге, саламатты өмір салтын ұстануға насихаттай келе, тәрбиелеуіміз қажет.

Осындай биік мақсаттар негізінде «Жас ұлан» республикалық бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы құрылды. Бұл ұйымның ертеңгі болашақ үшін берері мол. Өйткені, тәрбие беру бағытында міндеттер көп.

«Жас ұлан» ұйымының балаларға берері мол. Олардың білім нәрімен сусындап, өнерді серік етуіне бірден-бір ықпал ететін ұйым. «Жас Ұлан» бағдар ұйымының мақсаты: өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру.

Президентіміз Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы - қоғамның идеялық бірлігінде» - дейтін еңбегіндегі мына бір тамаша ойға жүгініс жасаған дұрыс болар: «Әрбір адам біздің мемлекетімізге, соның бай да дақты тарихына, оның болашағына өзінің қатысты екенін мақтанышпен сезіне алатындай іс - қимыл жүйесін талдап жасауы қажет. Елдің мәселелері де, келешегі де барлық адамға жақын әрі түсінікті болуы тиіс. Әрбір адам бала кезінен Қазақстан – менің Отаным, мен үшін жауапты екені сияқты мен де ол үшін жауаптымын деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей істегені жөн». Міне, осы сөздің өзі – тұла бойы тұнған отаншылдық тәрбие міндеттері.

Жас Ұландық бойында ең алдымен анасына, өз отбасына, өз үйіне, туған жеріне деген жылы сезімнен бастау алатын, тұлға есейген сайын біртіндеп ұлт, халық, әлеумет, мемлекет деңгейіне көтеріле беретін бұл сезім адамның бүкіл ғұмырына жалғасып жатады.

Әрбір баланың балалық шағының көп уақыты мектеп қабырғасында өтеді. Мектеп табалдырығында қаланған білім, ілім, тәрбие баланың болашақта тұлға болып қалыптасуына әсерін тигізеді. Негізгі білімнің кілті саналатын оқу ордасында жан-жақтылыққа тәрбиелейді, түрлі шаралар өткізеді.

Қаратерек жалпы орта білім беретін мектебінде де «Жас Ұлан» балалар ұйымы жұмыс атқарады Республикалық бірыңғай "Жас ұлан" балалар және жасөспірімдер ұйымы Елбасы

Н.Ә.Назарбаевтың бастамасы бойынша құрылған. Бұл ұйым қоғамдық ұйым болып табылады. "Нұр

Отан" ХДП ХІІІ съезінде Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның жас азаматтарының басын

біріктіретін "Жас ұлан" бірыңғай балалар ұйымының жаңа жүйесін құру керектігін атап өткен

болатын. Тәуелсіздіктің жылдығына орай 2011 ж. 6 шілдеде "Елорда күніне" орай "Бірыңғай "Жас

ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымы" республикалық қоғамдық бірлестік құрылды. 26 тамыз

күні "Жас ұлан" ұйымының құрылтайы өтті. Ұйымның Кеңес мүшелері, жұмыс жоспары

қабылданды, ресми нышандары бекітілді. 2011 ж. 1-қыркүйекте Астана қаласы №66 мектепте

*Елбасы Н.Ә.Назарбаев " Жас ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымының алғашқы мүшелерін*

*салтанатты түрде қабылдады.*